

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қанат М.Д., АӘ- 23-1к тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі **Аймахов Е.Н.**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан

miras25.01.04kz@gmail.com

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан КСРО-ның маңызды өнеркәсіптік және ғылыми орталықтарының біріне айналды. Республика тек майданға адам ресурстарын ғана емес, сонымен қатар стратегиялық шикізат пен ғылыми зерттеулер арқылы да үлкен үлес қосты. Соғыстың алғашқы жылдарында Кеңес Одағының негізгі марганец кен орындары – Запорожье мен Никополь фашистік Германияның қолына өтті. Бұл броньды болат өндіру үшін аса қажетті марганец тапшылығына әкелді, нәтижесінде КСРО-ның танк өндірісі тоқтап қалу қаупі туды.

Осындай қиын жағдайда академик Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен жүргізілген геологиялық зерттеулер Қазақстандағы жаңа кен орындарын игеруге мүмкіндік берді. [1, б. 1] Оның бастамасымен Жезді марганец кеніші ашылып, рекордтық қысқа мерзімде іске қосылды. Бұл кен орны бүкіл соғыс жылдарында Кеңес Одағының қорғаныс өнеркәсібін маңызды шикізатпен қамтамасыз етті. Сонымен қатар, Қазақстан хром, молибден, вольфрам, мыс, қорғасын, алтын және басқа да бағалы металдарды өндіруде жетекші орынға шықты. [2, б. 3-4]

Мақалада Қаныш Сәтбаевтың геология және металлургия салаларындағы еңбегі, Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің маңызы, сондай-ақ соғыс жылдарында стратегиялық ресурстарды игеру мен өндірудің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылады.

Қазақстан Ұлы Отан соғысына біртұтас Кеңес Одағының құрамдас бөлігі ретінде қатысты. Әлемдік үстемдікке ұмтылған Германияны талқандауға бар күшін салды, ал оның ұлдары мен қыздары ортақ Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі, болашаққа деген құқық және жаулап алынған халықтарды азат ету үшін жан аямай күресті. Республиканың ғалымдары елдің қорғанысына зор үлес қосты.

Ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары – республикадағы қосымша шикізат ресурстарын іздеу, қара, түсті және сирек металдардың шикізат базасын кеңейту болды. Осы мақсатқа Қазақ КСР Ғылым академиясы филиалына бөлінген барлық қаржының 40%-дан астамы жұмсалды. Бұл филиал 1941 жылдың күзінен бастап қарқынды ғылыми зерттеулердің орталығына айналды. К.И. Сәтбаев алдымен оның төраға орынбасары, ал бір жылдан кейін төрағасы болып тағайындалды. Қаныш Имантаевич Сәтбаевтың таланты Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше жарқырады. Қазақстанда жаңа ашылған Геологиялық ғылымдар институтын басқара отырып, ол жер қойнауын зерттеушілердің елді қажетті ресурстармен қамтамасыз етудегі жоғары жауапкершілігін терең түсінді. Сондықтан оның барлық күші осы басты міндетті шешуге бағытталды. 1941 жылдың тамызында фашистік әскерлер Запорожье мен Никопольді басып алды – бұл жерлер марганец кенін өндірудің негізгі орталықтары болатын. Екі кен орны бірігіп, КСРО-да өндірілген марганецтің 91,6%-ын берді, ол броньды болат өндіру кезінде қоспа ретінде пайдаланылды. Оның өндірісінің тоқтауы танк бронінің көлемінің азаюына немесе тіпті өндірісінің мүлдем тоқтауына әкелуі мүмкін еді, бұл нағыз апат болар еді... Біраз уақыттан кейін Грузиядағы Чиатур марганец кен орындарына да жол жабылды. Қорғаныс өнеркәсібі марганецсіз қалды, ал ол жоғары сапалы броньды болат өндіру үшін қажет еді. Нәтижесінде, Орал зауыттарында танк өндірісі тоқтап қалу қаупі туды. [3, б. 4-5] Осындай ауыр әскери жағдайларда К. Сәтбаев өзінің назарын марганец, темір, түсті, сирек және шашыраңқы металдар, тас көмір, бейметалл шикізаттары және су ресурстарын зерттеу мен игеру мәселелеріне аударды. Әлі 1928 жылы Сәтбаев Қарағанды

облысындағы Жезді кентінде марганец белгілерін байқаған еді. Осыны есіне түсірген ол, бұл аумақтарға қайтадан геологиялық барлау жүргізуді шұғыл түрде тапсырады. Алдын ала есептеулер дереу КСРО-ның Қара металлургия халық комиссариатына жіберіледі. 1941 жылдың күзіне қарай Жездіге арнайы комиссия келеді, бірақ барлау есептері олардың назарын аудартпайды. Дегенмен, Сәтбаев Жездіде кеніш ашу мәселесін ҚазКСР КП ОК деңгейіне дейін көтеруге қол жеткізіп, ақыры өз мақсатына жетеді. КСРО-ның Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті ҚазКСР басшылығының ұсыныстарын қабылдап, Жездіде кеніш салуға бұйрық береді. Нәтижесінде, 40 күнге жетпейтін уақытта кен өндірісі іске қосылады.[4, б. 5] Броньды болатқа арналған алғашқы марганец партиясы Орал зауыттарына 1942 жылғы 12 маусымда жөнелтілді. 1943 жылға қарай кеніш КСРО-дағы бүкіл марганец өндірісінің 70,9%-ын қамтамасыз етіп тұрды. 1942 жылдың 12 маусымында, бар-жоғы 38 күн ішінде, марганец кен орны іске қосылды. 1943 жылға қарай Новорудная – Жезді теміржол тармағы салынып, Жезді кенішінің кендері Орал мен Сібір зауыттарына жөнелтіле бастады. Соғыс жылдары бұл кеніште жүздеген жұмысшылар мен инженер-техник мамандар қажырлы еңбек етіп, елдің металлургиялық зауыттарын стратегиялық шикізатпен қамтамасыз етті. Бұл – Қаныш Сәтбаев басқарған геологтар мен кеніш ұжымының үлкен жеңісі болды. Жезді кен орнының өнім көлемі ай сайын артып, Уралдағы танк өндірісі де өсіп отырды. 1943 жылы КСРО Ғылым академиясының президенті академик В.Л. Комаров бастаған комиссия құрылды. Бұл комиссия Урал, Батыс Сібір және Қазақстан ресурстарын әскери қажеттіліктерге жұмылдырумен айналысты. Оның құрамына КСРО-ның жетекші ғалымдары – академиктер А.А. Байков, И.П. Бардин, К.А. Скочинский, В.А. Обручев, Л.Д. Шевяков және басқалар кірді. Қазақ филиалының ғалымдары Қазақстан экономикасының маңызды салалары – көмір өнеркәсібі, түсті металлургия және т.б. өндіріс қуатын арттыру жолдарын белгіледі. Бұл комиссияның жұмысына К.И. Сәтбаев белсенді қатысты. Соғыс жылдары Қазақстан КСРО-дағы қорғасын мен мыстың ең ірі өндірушісіне айналды. [5] Ақтөбе облысындағы хромит кен орындары әлемдегі ең бай кен орындары қатарына кірді. Сондай-ақ, Оңтүстік-Батыс Қазақстанда ванадий, Орталық Қазақстан мен Іле Алатауында вольфрам мен молибден кен орындары табылды. Бұл металдар жоғары сапалы болат өндіруде, танктер, зеңбіректер мен ұшақтар жасауда қолданылды. Қазақстанда алтын мен күміс өндіру көлемі артты. Түсті металлургия қалдықтарын өңдеу арқылы бұрын қолданылмаған маңызды әскери материалдар алынды. К.И. Сәтбаев Қазақстанның ауыр өнеркәсібі бойынша Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын басқарды. Ол КСРО Ғылым академиясының комиссиясымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Қарағанды көмір бассейні, Балқаш пен Қарсақпай мыс балқыту зауыттары, Рудный Алтайдың полиметалл комбинаттары, Шымкент қорғасын зауыты, Ақтөбе ферроқорытпа зауыты және басқа да маңызды өндіріс орындары осы комиссияның қолдауымен жұмыс істеді. Балқаш мыс қорыту зауытындағы мыстың жартысы Жезқазған кенінен өндірілді. Соғыстың ауыр кезеңінде К.И. Сәтбаев өндіріс тиімділігін арттыру жолдарын ұсынып, мыс өндіруді ашық әдіспен жүргізуді ұсынды. 1942 жылы К.И. Сәтбаев «Жезқазған ауданындағы кен орындары» атты еңбегі үшін Сталиндік сыйлықтың екінші дәрежелі лауреаты атанды. Ол алған 100 мың рубль сыйақысының жартысын Қорғаныс қорына аударды, ал қалғанына мемлекеттік қарыз облигацияларын сатып алды. 1945 жылы 22 маусымда Мәскеуде, Үлкен театрда КСРО Ғылым академиясының 220 жылдығы аталып өтті. Осы салтанатты жиында К.И. Сәтбаев ғылымды дамытудағы еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталды. [6, б. 7-8] Қаныш Имантаевич Сәтбаев – ғылым мен өндірісті тиімді ұйымдастырушы, елдің болашағын болжай білген ғалым. Соғыс кезіндегі ауыр жағдайға қарамастан, ол Қазақстанда жаңа ғылыми мекемелер құрып, олардың кадрлық әлеуетін күшейтуге күш салды. Соғыс жылдары республикада 75 ғылыми-зерттеу институты, зертханалар мен станциялар жұмыс істеді. 1942 жылы Тіл, әдебиет және тарих институты құрылды, кейіннен ол Тіл және әдебиет институты мен Тарих институты болып бөлінді. 1942 жылы Химия-металлургия институты ашылып, кейіннен Химия және

Металлургия және байыту институттары болып бөлінді. 1943-1945 жылдары Топырақтану, Ботаника, Зоология және Өңірлік патология институттары құрылды. Соғыс жылдары Қазақстан ғалымдары үлкен үлес қосты. К.И. Сәтбаев өз еңбектерінде Қазақстан кен орындарының елдің қорғанысына қосқан үлесін ерекше атап өтті: «Қазақстан кен орындарының ресурстары қазіргі уақытта Отанымыздың қорғанысына жұмылдырылған. Фашистік жауды жайратқан әр он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан жасалған». [6]

Қаныш Имантаевич Сәтбаевтың Екінші дүниежүзілік соғысқа қосқан үлесі тек ғылым мен өндіріс салаларында ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы маңызын арттыруда да зор болды. Ол Қазақстандағы геологиялық зерттеулерді басқару арқылы елдің қорғаныс өнеркәсібі үшін маңызды табиғи ресурстарды қамтамасыз етті. Сәтбаевтың жетекшілігімен ашылған жаңа кен орындары, мысалы, Жезді марганец кенішінің іске қосылуы, соғыс кезіндегі қару-жарақ өндірісі үшін өте маңызды болды.

Сонымен қатар, Сәтбаевтың ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде, Қазақстан жоғары сапалы металдармен және минералды ресурстармен қамтамасыз етілді, бұл Отан үшін маңызды кезеңде еліміздің экономикасына айтарлықтай қолдау көрсетті. Оның тек қана геолог, ғалым ретінде емес, ұйымдастырушы ретінде де үлкен еңбегі болды, себебі ол көптеген ғылыми мекемелерді ашып, елдің ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған жобаларды іске асырды.

Қорытындылай келе, Қаныш Сәтбаевтың Екінші дүниежүзілік соғыстағы қосқан үлесі тек ғылыми жетістіктерімен ғана шектелмеді, ол Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттыруға маңызды үлес қосып, елдің даму жолында ерекше орын алады. Оның қайсарлығы мен ғылымға деген адалдығы, еліміздің болашағына деген көзқарасы бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болып қалары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Қазақстан тарихы порталы. Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметі туралы ақпарат. <https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12810>
- 2 Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі – ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның жетістіктері мен үлесі. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-addis-ababa/press/events/details/2119>
- 3 Керімбай С., Нәби Ә. Қаныш және ғылыми майдан – Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметіне арналған экзистенциалды талдау. <https://kitapal.kz/book/qanysh-dgane-ghylymi-maydan>
- 4 Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесі: Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан майданның қуатты арсеналына айналды – ҚазАқпарат агенттігі. Соғыс жылдарындағы өнеркәсіптік даму және стратегиялық ресурстарды игеру.: https://kaz.inform.kz/news/kazakstannyn-zheniske-koskan-ulesi-uly-otan-sogysy-zhyldarynda-kazakstan-maydannyn-kuatty-arsenalyna-aynaldy_a2655785
- 5 Карсыбаева Ж.А. 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихының тарихнамасы – Қазақстан тарихы порталы. Соғыс жылдарындағы тарихи зерттеулер туралы ғылыми мақала. <https://ehistory.kz/media/upload/1534/2014/06/25/d4f802c7887cba26c81aa50bbabdb4b5.pdf>
- 6 Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми еңбектері – Қазақстанның геология және металлургия саласындағы жетістіктері туралы ақпараттық деректер. <https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12810>